

ЎОЖ 811.111

МАХМУД ҚАШҚАРИ «ДИУАНИ ЛУҒАТ АТ-ТУРІК» ТІЛІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЛЕКСИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақстан, Ақтөбе

Бисенгали Іңкәр

Кенебаева Ұлпан

Жақанқызы Меруерт

bisengaliinkar@mail.ru

Ғылыми жетекші ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Мұратбек Бағила Құрманбекқызы

Аннотация. Бұл мақалада түркі халықтарының орта ғасырлық жазба мұраларының рухани, мәдени және тарихи маңызы жан-жақты талданады. Түркі жазба ескерткіштері тарихи, әдеби, діни, құқықтық және тілдік тұрғыдан аса құнды дереккөз ретінде қарастырылады. Орхон-Енисей жазбаларынан бастап, ислам дәуіріндегі әдеби және ғылыми еңбектерге дейінгі жазба мұралар мазмұны мен жанры бойынша сараланып, олардың түркі халықтарының дүниетанымы мен тілдік құрылымындағы орны айқындалады. Әсіресе Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегі тілдік тұрғыда талданып, көне түркі мен қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі сабақтастық көрсетіледі. Сондай-ақ араб тілінің әдеби тіл ретінде қызмет етуі, оның түркі тілдеріне әсері мен әдеби тіл қалыптасуындағы рөлі ғылыми негізде қарастырылады.

Аннотация. В данной статье всесторонне анализируется духовное, культурное и историческое значение средневековых письменных памятников тюркских народов. Тюркские письменные источники рассматриваются как ценные сведения с исторической, литературной, религиозной, правовой и языковой точек зрения. От орхон-енисейских надписей до литературных и научных трудов исламской эпохи — памятники классифицируются по содержанию и жанру, определяется их роль в мировоззрении и языковом строе тюркских народов. Особое внимание уделено лингвистическому анализу труда Махмуда Кашгари «Диуани лугат ат-тюрк», в котором прослеживается преемственность между древнетюркским языком и современными казахским и турецким языками. Также рассматривается роль арабского языка как литературного языка и его влияние на формирование тюркской литературной речи.

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the spiritual, cultural, and historical significance of medieval written monuments of Turkic peoples. These written sources are examined as valuable references from historical,

literary, religious, legal, and linguistic perspectives. From the Orkhon-Enisei inscriptions to the literary and scientific works of the Islamic period, the monuments are classified by content and genre, and their role in the worldview and linguistic structure of Turkic nations is emphasized. Special attention is given to the linguistic analysis of Mahmud al-Kashgari's “Diwan Lughat al-Turk”, which illustrates the continuity between Old Turkic and modern Kazakh and Turkish languages. The article also examines the role of the Arabic language as a literary medium and its impact on the development of literary Turkic language.

Кілт сөздер: *Орта ғасыр, жазба мұра, көне түркі, руникалық жазу, араб графикасы, әдеби тіл, «Диуани лұғат ат-түрк», тілдік сабақтастық, лексикалық қор, араб мәдениеті, фразеология, сұраулық шылау, тарихи ескерткіш.*

Түркі халықтарының орта ғасырлық жазба мұралары – бұл олардың рухани, мәдени және тарихи дамуын бейнелейтін құнды дереккөздер. Бұл мұралар тарихи, әдеби, құқықтық, діни және тілдік тұрғыдан өте маңызды болып табылады. Ортағасырлық жазба ескерткіштері – түркі халықтарының мәдениеті, тарихы, тілі мен әдебиетінің даму кезеңдерін сипаттайтын маңызды дереккөздер. Бұл ескерткіштер әртүрлі әліпбиде жазылған (руника, ұйғыр, араб графикасы) және мазмұны бойынша тарихи, әдеби, діни, құқықтық және лексикографиялық еңбектер болып бөлінеді. Ортағасырлық жазба ескерткіштердің тарихи мәніне тоқталсақ, орта ғасырлар – түркі халықтарының қалыптасуы мен дамуының маңызды кезеңі. Бұл дәуірде түркі мемлекеттері (Батыс және Шығыс Түрік қағанаты, Ұйғыр қағанаты, Қарахан мемлекеті, Алтын Орда т.б.) құрылып, олар өздерінің жазба дәстүрін қалыптастырды. Аталған жазба мұраларды мазмұны мен жанры бойынша бірнеше топқа бөлуге болады:

- Ерте ортағасырлық жазба ескерткіштер (VI-IX ғғ.) Бұл кезеңге көне түркі руникалық жазба ескерткіштері жатады, оған мысал ретінде Орхон-Енисей ескерткіштерін (VI-VIII ғғ.) жатқызамыз. Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазбалары – түркі халықтарының алғашқы тарихи жазба деректері. Бұл ескерткіштерде мемлекет басқару, жауынгерлік рух, түркілердің саяси бірлігі баяндалған. «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары өткен дәуірден нақты мәлімет беруге арналған тарихи деректер.

- Ислам дәуіріндегі жазба мұралар (X-XV ғғ.) Бұл кезеңде түркі халықтары араб жазуын қабылдап, ғылыми және әдеби еңбектер дами бастаған болатын.

- Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» (1072-1074). Бұл еңбек барша түркі тілдерінің алғашқы сөздігі болатын сонымен қатар,

грамматикалық және лексикалық ерекшеліктері сипатталған алғашқы еңбек болатын.

- Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (1069-1070) Бұл еңбек- Түркі әлеміндегі алғашқы саяси-дидактикалық поэма. «Құтты білік» дастанында мемлекет басқару, билік, адамгершілік мәселелері қарастырылады.

Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» (XII ғ.) Бұл еңбек алғашқы сопылық философия мен исламдық дүниетаным көрініс тапқан діни-дидактикалық өлеңдер жинағы. Ахмет Яссауи – сопылық әдебиеттің ірі өкілі, әйгілі ақын, есімі күллі ислам әлеміне мәшһүр болған ғұлама-ойшыл. «Диуани хикмет» («Парасаттылық» немесе «Даналық кітабы») есімді өлеңдер жинағы — түркі халықтарының XII ғасырдан сақталған әдеби ескерткіш. «Даналық кітабын» зерттеушілер М.Ф.Кепрулу—заде, А.К.Боровков, А.Н.Самойлович, Е.Э.Бертельс, Э.Р.Рустамов, Н.М.Маллаев, Г.Ф. Благова т.б. «Диуани хикметтің» қазақ тіліне тәржімалануы жолында: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи, Р.Сыздық, Б.Сағындықұлы сынды ғалымдар зор үлестерін қосты. «Диуани хикмет» — исламның діншариғат жолдарын дидактикалық мазмұнда поэзия тілімен бейнелеген жыр жинағы. «Даналық кітабы» адамзатты адамгершілікке, туыстастыққа, бауырмалдылыққа, ізгілікке, имандылыққа шақырып, мұсылман дінінің сүннет, қағидалары мен шарттарын, Алланы танудың жолдарын баяндайды. «Диуани хикметтің» сопылық ағымның философиялық ой-пікірлері: әділдік жолына түсу, ақиқатты іздеп табу, адамның рухани өмірінің таза болуы.

Ортағасырлық түрколог Махмұд Қашқаридің “Диуани лұғат-ит-түрк” (Түркі тілдері сөздігі) еңбегі түркі дүниесіне ортақ мұра және ежелгі тіл жәдігері. Бұл еңбек араб тілінде жазылған түркі сөзінің аудармалары. Бұл еңбектен қазақ және түркі тіліне ортақ лексиканы көреміз. **Махмұд Қашқаридың “Диуани лұғат ит-түрк” (Түркі тілдерінің сөздігі)** атты еңбегі 11 ғасырдың (1072-1074 жылдары жазылған) ескерткіші. Бұл сөздік тұңғыш рет 1915-1917 жылдары Түркияда үш том болып жарық көрген болатын. Кейінірек оны түрік ғалымы Бесім Аталай араб тілінен түрік тіліне аударып, 1939, 1940, 1941 жылдары үш кітап етіп жариялады. Бұл сөздіктің қазақ тіліне аударылуына қазақ зерттеушілері де, лингвистері де ат салысып келеді.[1;48-б]

Алдымен, бұл еңбек не себепті араб тілінде жазылды деген сауалға тоқталайық. Тарих қойнауына көз жүгіртетін болсақ 751 жылы Атлах шайқасы түркі әлеміне үлкен өзгеріс әкелді. Біріккен араб пен түрік әскері Тан империясымен соғысының нәтижесі жеңіспен аяқталды. Соғыстың тағы бір нәтижесі күллі түркі жеріне араб мәдениеті мен білім-ғылымы таралды. Әсіресе, 8-10 ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойына арабша сауат ашатын

медресселер салынып, көне түркі жазуының орнын араб жазуы басты. Араб тілі түркі халықтарында *әдеби тіл* қызметін атқарып, түркі әлеміне құнды еңбектер араб тілінде жарық көрді. Дегенмен, біздің түркі халықтарының тілі жойылып кетпеді, тек араб қаріпіне көшті.

Талдау:

- « اِنْكَكْ » іңек деп оқылатын бұл сөздің мағынасы сиыр деген ұғымды білдіреді. Түрік тілінде «сиыр» сөзі дәл осылай, яғни «inek» деп қолданылады. Бір қарағанда араб тілінде жазылғанымен бұның түрік сөзі екендігін аңғаруымызға болады. Себебі араб тілінде сиыр сөзі «البقرة» «бақара» деп қолданылады.

- « اُنُتُتِي » сөзінің оқылуы унутты. Қазақ тілінде «ұмытты» деген ұғымды білдіретін бұл сөз түрік тілінде «unuttu» деп қолданылып, дәл осы мағынаны білдіреді. Араб тілінде «نَسِيتَ» «ұмытты» сөзінің жазылуы әрі айтылуы басқа фонетикалық құрылым екенін негізінде құрылған [2,252].

- « بُشًى » бос мағынасында жазылған бұл сөздің екі тілде де беретін мағынасы «бос» (қазақ тілінде) «boş» (түрік тілінде), ал негізгі араб тілінде « فارغة » «фариға» [2,386].

- « قَشًى » қыш деп оқылатын бұл сөз қазақ және түрік тілінде де бір мағынада «қыс» мезгілін білдіру үшін жұмсалады [2,389].

- « اَرً » ер мағынасында қолданылатын сөз. Қазақ тілінде де түрік тілінде де «ер, ер адам» мағынасында лексикалық қорымызда бар.

- « اَوْتً » EVET EBET: «дұрыс, мақұл, әлбетте» деген мағынадағы сөз.

Бұл сөз қазақ тілінде қолданыста жоқ, ал түрік тілінде осы күйінде қолданылады.

Диуани лұғат-ит-түрк” еңбегіндегі «Алып ер Тұңғаны жоқтау» жырының тілдік қолданысындағы шылаулар:

- Алп ер Тұңға өлдүмү

Әсіз аздұн қалдымү

Өзлэк өдшін алдымү

Әмді йүрэк йүртілүр [3,63]

Аударма:

Алып ер Тұңға өлгені ме,

Әзіз дүние қалғаны ма.

Тағдыр өшін алғаны ма

Енді жүрек жыртылды

«өлдүмү»; «қалдымү»; «алдымү» - бұл жерде тіркесіп тұрған «мү» қазіргі қазақ тіліміздегі «ма, ме, ба, бе, па, пе» сұраулық мағынадағы шылаулар. Қазақ тілінде дыбыстық өзгеріске ұшырған.

Түрік тіліндегі нұсқа бойынша, «мү» - «mi, mi, mü, mı» сұраулық шылау. Бұл жерде фонетикалық құрылым сақталған.

Осы мысалдар арқылы Махмұд Қашқаридің “Диуани лұғат-ит-түрк” (Түркі тілдері сөздігі) еңбегі араб тілінде жазылды дегенімізбен, сөздік ішінде сөз қолданыстары көне түркі тілін құрайды. Сонымен қатар, қазіргі лексикалық қорымызда қолданыста жүрген бұл сөздер 11-ғасырлық еңбекке тән екендігін көре аламыз.

Араб тілі түркі тілдер семьясына жатпағанымен, қазақ және түркі тіліне ұқсайтын лексикалық қоры да жоқ емес. Сөздік ретінде жинастыратын болсақ, мына бір мысалдарды келтіруімізге болады:

Араб – түрік – қазақ

دفتر – defter – дәптер

كتاب – kitap – кітап

دكان – dükkan – дүкен

دنیا – dünya – дүние

فيل – fil – піл

خبر – haber – хабар

حقیقة – hakikat – ақиқат

بركة – bereket – берекет

هواء – hava – ауа.

Түрік халықтарында араб тілі әдеби тіл қызметін атқарды десек, осы ретте әдеби тілдің қалыптасу жолдарын ашып көрсетейік. Әдеби тілдің негізгі үш қалыптасу жолы бар.

1. Бөтен халықтың тілінен қалыптасады;

2. Ең күшті диалектіден қалыптасады;

Бұл түрколог ғалым Сәрсен Аманжоловтың тұжырымдамасы бойынша

3. Жалпыхалықтық тілдің негізінде қалыптасады;

Демек, араб тілінің түркі тіліне әсерін әдеби тілдің қалыптасуының бірінші жолы ретінде қарастырамыз. Түркі тілдерінің лексикалық қорын араб тілі ғылым-білім, дін негізінде құрады. Бұл жоғары дамыған мәдениет пен өркениет, әрі тарихи оқиғалардың көрінісі.

Махмұд Қашқари сөздігінде келтірілген әдеби үлгілердің тіл және жанр жағынан қазіргі тілдерге ұластығын талдап көрсету-бүгінгі түркологтердің алдағы міндеті болып табылмақ. Өлеңдегі тармақ соңындағы сөздердің ұйқасуы қазақ өлең тезникасында да орын алатынын, сондай-ақ, **йағзы отын өчурген** (дұшпан отын өшірген) , **есүз ажун қалдыму** (дүние иесіз қалды ма), **йүзі сарғайыб** (жүзі сарғайып) сияқты тұрақты тіркестердің беретін мағынасы жасалуы жағынан қазақ тіліндегі фразеологизмдерге келіп ұласатындығын көрсетуге болады.[1;49-б]

Қорытынды

Қорыта айтқанда, түркі халықтарының орта ғасырлық жазба мұралары – ұлттың рухани, мәдени және тілдік болмысының негізін айқындайтын баға жетпес мұралар. Бұл жазба ескерткіштер арқылы түркі халықтарының мемлекет басқару жүйесі, діни дүниетанымы, әдеби ойлау жүйесі мен тілдік құрылымы жөнінде құнды мәлімет алуға болады. Махмұд Қашқари еңбегі арқылы көне түркі тілі мен қазіргі түркі тілдерінің сабақтастығы айқындалса, араб тілі мен мәдениетінің ықпалы түркі тілдерінің әдеби тіл ретінде дамуына елеулі үлес қосқанын байқаймыз. Бұл жазба ескерткіштерді жан-жақты зерттеу – бүгінгі түркология ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.1.Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы. “Арыс” баспасы. 2004жыл, -288б.
2. Қашқари М. “Диуани лұғат-ит-түрк” (1- том. Аударған Егеубай А.Қ). Алматы,2017 ж.
3. "Қазақ әдеби тілінің тарихы" хрестоматия. Қалиев Ғ , Боранбаева. Г (Алматы, 2000 ж.)
4. Сыздықова. Р «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» (Алматы, 2009 ж.)
5. Мұратбек Б.Қ, Әмірғали Ж.О. «Қазақ-түрік тілдері ортақ лексикасының салыстырмалы сөздігі». Ақтөбе, 2022ж.
6. М.Балақаев "Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері" (Алматы,1965 ж.)
7. С.Аманжолов "Қазақ әдеби тілі" (Алматы, 1949 ж.)